



Ассалаумағалейкум, қабырғалы
«Қазақ әдебиеті» газетінің ұжымы.
Күйбің тіршіліктің күйтімен жүріп,
өздеріңізбен жиі хат алысуға,
Құдай ақы, уақыт тапшы. Рухани
азығыма айналған басылым бетін
парақтаған сайын сіздерге мың
мәрте алғысымды айтып отырам.

сол өзіндік Қасым көзімен қарап тұрып: «Міне, Күн шығып келеді. Мынау жалпақ дүниені нұрға бөлеп тағы бір таң атты. Бұл таң — менің таңым!», - деді ақын. Сол сәттен бастап ақынның екінші өмірі — мәңгілік өмірі басталып еді...

Қарымды қаламымен қазақ рухына дүр сілкініс жасаған Қасым бүгіндері неге елеусіз, ескерусіз қалсын. Қазақ бар жерде Қасымын жоқтамай тұра алмас. Оның жырын жастана жаттаған жас ұрпақ, жасын жырдан рухани нәр алып өстік емес пе?!

Қасым ақын елінің перзенті, жалпақ жұртының жүйрігі. Батыс Қазақстан облысындағы Зеленов ауданында 2008 жылдың қаңтарында 444 орынға есептеліп бой көтерген мектепке облыстық Ономастикалық орталықтың ұтымды шешімімен Қасым Аманжолов есімі берілгенде қуанбаған қазақ кемде-кем. Тіптен облыс өңірі Қасым атын-

Қасым атындағы мектеп

«Қазақ әдебиетінің» кезекті санындағы Серік Ақсұңқарұлы ағамыздың «Қасым жылы қазақтың төріне шық» атты мақаласын оқыған соң, ағаның алаңдаулы көңілін орнықтыратын осынау мақаламды жолдап отырмын.

Дауылпаз ақын тағдырдың дәмі айдап Ақжайық өңірінде жастық шағын, жалынды шағын өткізе жүріп, әдебиет әлеміне алғаш қадам жасады. Орал облыстық бұрынғы «Лениншіл жас» газетінде қызмет атқара жүріп, сұрапыл соғысқа аттанған. Оралда өткен жалынды жылдарын сағынған ақын «Оралым, менің Оралым», - деп тебірене жырға қосты. Өлеңнің: *Оралым, сенің қойныңда, Ойнақтап өткен жылдарым. Жарқылдап Жайық бойында, Достармен сайран құрғамын,* — деп келетін бір-ақ шумағы бейқам да балаң Қасымның қапысыз көңілін білдіреді.

*Сонау бір шетте сонау үй,
Кетерме, сірә, көңілден?
Алушы ед тартып мені ылғи,
Махаббат, жастық лебімен.
Терезе алды — жас терек,
Түр екен кімдер сүйеніп?
Жүр екен кімдер еркіндеп,
Жүрегін ұстап үйге еніп?..* —

деген жолдарға арқау болған, өзі жалдап тұрған пәтердің терезе тұсындағы жас шыбық бүгіндері саясы мол бағаналы терекке айналды. Ақын қолының табы қалған «Орал өңірі» басылымы 2009 жылы торқалы 90 жылдығы қарсаңында өздерінің азаматтық парызының үдесінен шығып, Қасым ақын

туралы кенінен толғады.

Өзім ақынның жан дүниесімен С.Досановтың «Екінші өмір» романы арқылы тереңірек таныстым. Сәбиттің роман желісі дауылдан басталып, жас дәуренге жалғасып келіп, от кешу арқылы қиын асу асатын еді ғой. Қасым өзі жырлағандай:

*Азырақ құрғыр ауру қажытса да,
Әлі де жүрегім бар шарқ ұрғандай.
Риза етіп ата-анамдай мен елімді,
Өмірге берем кетіп берерімді... —*

деп қиын асуын асып, барар жеріне асыға басып, берерін сүйікті еліне беріп кеткен жасын ақын. Ақын «Нар тәуекел» өлеңінде:

*Нар тәуекел! Құлаш ұрдым қиынға,
Қайрат шіркін, алып шықса, қиын ба?!
Бұл сапарда сүрініп те қалармын,
Сонда, досым, мені айыпқа бұйырма!
Жығылам деп, жүре алмаймын жәй басып,
Жүгіремін киіп-жарып, айқасып.
Мүлгі берсін, ілби берсін қорқақтар,
Іш пыстырып, жалт-жалт қарап байқасып.
Жығылсам да жүгірумен өтемін,
Аяңшылдың ақылын мен не етемін.
Жығылармын, алқынармын, шаршармын,
Барар жерге бұрынырақ жетемін, —* деп әдебиет әлеміне деген құлашын кең сермеді.

Тумысынан жасандылыққа жаны қас ақын соңғы демін алып тұрып, «Таң атпақ түгілі, Күн де шығып келеді», — деген Сақыпжамалына: «Рас па? Таң атып, Күн шығып келе ме?! Ал кәне, өшір онда мына жасанды жарықты. Аш, терезенің пердесін. Нағыз жарықты, өмірдің өз жарығын көрейік!», — дейді ғой, шіркін. Дүниеге

дағы мектептің ашылғанына жүрек-жарды тілектерін білдіріп, баспасөз арқылы сәттілік айтып жатты. Көп тілеуі көл болып, мектеп ұжымы мен оқушылары сол жылдан бастап облыс деңгейіндегі байқаулардан жүлделер иеленіп жатты. Өткен жылы Ұлы Отан соғысындағы жеңістің 65 жылдығы қарсаңында мектеп мұражайы ашылып, жауынгер ақын Қасым бұрышы жасақталды. Бұл Қасым шығармашылығын жинастырып, тың деректерді қаттап отыратын мұрағатқа айналары сөзсіз.

Бүгінгі күні Қасым мектебі аудандағы озық мектептер қатарында. Әрине, мектептің жетістігі — ұжымның жетістігі. Биыл ақынның 100 жылдығын кең көлемде атап өту жоспарлануда, біз мектеп тарихын Қасым өмірімен байланыстыра зерделеудеміз. Мектеп орналасқан көшеге ақын атын беру туралы ұсыныс та жасамақпыз. Мектеп алдындағы гүлзар да ақын ескерткішіне сұранып-ақ тұр. Бұл, әрине, келер күндердің еншісіндегі шаруа. Егер аудан басшылары ақынның мерейлі жылына орай қолғабыс етіп жасап жатса, Қасымның қарашаңырағында осынау игі шаралар іске асырылмақ.

*Келешіге қайтып оралып,
Алып қал осы жырымды, —* бұл жолдар ақынның бізге деген аманаты іспетті. Жалынды жанары қалған, жарқыл жыры қалған мекен Қасымын еш ұмытпақ емес.

Нұржан ДУЗБАТЫРОВ,
Қасым Аманжолов атындағы мектептің тәрбие ісінің меңгерушісі.